

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Алмазұлы Абдурахман Батухан

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық құқық мамандығы ХҚқ-11 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б. Б.

Заманның өзгеріп тұруына байланысты кейбір уақыттарда немесе кезеңдерге сәйкес адамзат ойлаған табиғи құқықтарға қатысты ешқандай құқық жүйесі үстемдік көрсете алмайды деп ойлайды. Ал енді шынайы, яғни практика жүзінде қарастыратын болсақ бұндай пікірлер керісінше сипат алып жатады да, нәтижесінде қазіргі заманауи кезеңде позитивті құқық, нақ сол табиғи құқықтың өзіне үстемдік жүргізетіндігін анық бақылауымызға болады. Егер де табиғи құқықтың үлесі көбірек орын алған дәуірге сәл де болса шегініс жасайтын болсақ, позитивтік құқықтың болашақта табиғи құқықтардың өзін шектейтіні туралы ойлау олардың ойларына кіріп-шықпайтын түсінік болғандай болар еді. Бірақ та оны өмірдің заңдылығы ретінде бағалайтын болсақ, ол процесстің адамзат қаласа да, қаламаса да жүзеге асатындығы еш жасырын емес. Сонымен қатар өркениеттің прогрессивті сипатта жетілгендігімен қатар, ғылыми-техникалық революциялардың оң нәтижесін көріп отырғанымыз да ақиқат. Сонымен қатар бұл жаңа дәуір адамзатқа «электронды тұлға» түсінігін қалыптастырды деуге де толық негіз бар. Осы ұғыммен байланысты Еуропалық Одақта «электронды тұлғаға» қатысты, және оны болашақта құқық субъектісі ретінде тану туралы да пікірлер қалыптаса бастады. Ол әлі толыққанды күшіне ене қоймасада, ғылыми мақалаларда бірқатар маңызды мәселелер көтеріле бастады. Америкалық жазушы Айзек Азимовтың ғылыми еңбектеріне сүйенсек ол электронды тұлғаны тану процесіне, нақтырақ роботтың тұлғасына кеңірек тоқталып өтеді, әрі осыған байланысты өзінің бірнеше ұсыныстарын енгізген болатын, мысалы:

- Заңнамалық деңгейде, яғни құқықтық тұрғыда «автономды интеллектуальды роботқа» анықтама беру;
- Роботтарға қатысты бір орталықтандырылған реестр жүйесін енгізу;

- Адамдар құқығы хартиясына сәйкес роботтарға және робот зерттеушілерге, өндірушілерге этика-кодекс қалыптастырып, заңдастыру;
- Жасанды интелекті мен роботтарға ЕО аясында агенттік құру;
- Роботтарға жаңа құқықтық мәртебе беру (электронды тұлға) оларды азаматтық-құқық жауапкершілігіне қатысты жүйелеу. [1]

Әрине, Электронды тұлға тек белгілі бір құқықтармен шектеліп қалмай, өздеріне белгілі бір міндеттемелерді де алады. Бұған қатысты С.М. Солайман өз еңбегінде мынадай пікір білдіреді: «қысқаша айтқанда құқықтың субъектісі өзіне келесі талаптарды немесе атрибуттарды қамтиды, олар; құқықтың субъектісі бола отырып өзара белгілі бір міндеттермен қоса өзіне берілген құқықтарға сай құқықтық қатынас жасайды»[2]

Евро парламент бұл ұсынысты әлі де болса қабылдай қойған жоқ, әрі бұл мәселені болашаққа қалдырды. Енді бірқатар ғалымдардың пікірлеріне жүгінер болсақ, олардың айтуынша роботтарға электронды тұлға статусын беру жеке тұлғамен құқықтарын теңестіреді деген тұжырымға сәйкес келеді [3]. Қазір «ЖТ» арналған халықаралық декларация жоқ. Бірақ АҚШ мемлекеті осыған орай 2017 жылдың 27 желтоқсан күні Конгрессте «Жасанды интеллекттің негізгі түсінігі және оларды қолдану туралы заң» [4], яғни болашақ жасанды интеллект ұғымына қатысты заң жобасын ұсынды. Осыған орай түрлі дискуссияларда айтылғандай, мысалы: Джоанна Брайсон, Михалис Диамантис және Томас Грант сияқты ғалымдар құқық беру процесіне өте сақтықпен қарау қажет себебі олар өз құқықтарының аясын[5] кеңейту мақсатында іс-әрекет жасауы мүмкін деген пікірлерін білдірген болатын. Жалпы, құқықтық жүйе адамзаттың қалауымен азаматтардың мақсат-мүдделерін қорғау мақсатында құрылған жүйе. Ал электронды тұлға құқықтық жүйеге үлкен өзгерістер алып келуі де бек мүмкін. Негізі жалған интеллекті иесі, яғни электронды тұлға статус берудің себебі, яғни болашақта роботтар құлға айналмауына жауапкершілікпен қарау мақсатында болашақта қауіп қатердің алдын алу, сонымен қатар роботтар мен роботты өндірушілерге қатысты қойылған талаптар ретіндегі негізгі 3 заң постулатын былайша бейнелеуге болады:

- 1 - Заң. Робот адамзатқа зиянын тигізбеу керек.
- 2 - Заң. Робот адамдардың айтқанын 1-заңға қайшы келмей орындауы тиіс.
- 3 - Заң. Робот өзінің қауіпсіздігін 1 және 2 заңдарға қайшы келмейтін іс-әрекеттері арқылы өзін қорғауы қажет. Бұл заңдар Айзан Азимовтың ғылыми еңбектерінен алынды.[6]

Жалпы роботтың қоғамға, өндіріске үлкен пайда әкелетіндігі сөзсіз. Жалпы, роботқа анықтама беретін болсақ, Робот - бұл, өзінің іс-әрекетімен ерекшеленетін оперативті операциялар жасау мақсатында белсенділік танытатын әмбебап автоматты құрал. Робот қазіргі замануи кезеге сәйкес өнеркәсіптің барлық салаларында шұғыл дамып келеді. Сонымен қатар құқықтану аясы бойынша да әмбебап робот өз орнын табатындығы еш күмәнсіз, тіптен болашақта сот процессінде де роботтарды көру ғажап емес. Енді оның жақсы қырларына тоқталып өтер болсақ, Робот тек Конституцияда

жазылған баптарға сәйкес вердикт шығарады. Жемқорлық пен паракорлықты ол түсіне қоймайды. Бірақ сонымен қатар бірқатар негативті, яғни жағымсыз жақтарында аңғармай кетуге болмайды. Бірінші мән беретін мәселе – риторика. Жәбірленуші, адвокат сөйлеу барысында әрбір интонацияға мән береді. Және бір әріпке мән бере отырып мағынасын өзгертуге болады. Осындай жағдайларды роботтолық түсіне алама? Жалпы, Роботқа қатысты психологиялық эмоцияның болмайтындығы ақиқат. Және де Роботтың англо-саксондық құқықтық жүйе бойынша қандай вердикт шешімге тоқталатындығы да қызық мәселе болып қалуда. Яғни бюрократиялық келеңсіздіктерге ұшырауы мүмкін деген сөз. Бұл тек құқық саласына ғана тән кемшіліктер екенін ескерер болсақ, ал басқа салалар бойынша қаншама кемшіліктердің болатындығын болжаудың өзін қиын. Осылардың ішіндегі ең елеулісі, әрине ол саяси тұрғыдағы мәселелер екендігі де шындық. Теңдік баланс ұғымы сақталуы үшін, адамзат бірдей, әрі біркелкі дамуы керек. Мысалы бұл тұрғыда әліде толық демократиялық жүйеге асығыстық білдіріліп отырған жоқ, мұқият зер сала отырып бақылайтын болсақ, мемлекеттерде технологияның жемісін саяси-агитациялар ғана көріп отырған сияқты. Мысалы Франклин Рузвельт өзінің «елдер туралы» еңбегінде мынадай бостандықтарды құптауға және қолдауға үндеу салған олар; сөз бостандығы, ар-ұждан бостандығы, мұқтаждық пен қорқудан тәуелсіз болу. Бізге керек әрі маңызды мәселе ол сөз бостандығы мен ар-ұждан бостандығы. Бұл «Жалпыға бірдей адам құқықтары» декларациясында бекітілген қағидалар және оларды бұзуға болмайды. Осы декларацияның 13 бабына сәйкес және т.б. баптарға байланысты ең өркениетті АҚШ мемлекетінде де құқық бұзушылық байқалады, мысалы; facebook-әлеуметтік желісінің жеке құпия информацияларды таратуын айтуға болады, әрине Демократиялық, әрі құқықтық мемлекет болғандықтан жазаға тартылды. Ең бастысы ол Роботтарды саяси құйтырқы іс-әрекеттерге пайдаланбау мәселесі. Егер де біз дамитын болсақ бірге дамимыз не болмаса мүлдем дамымаймыз деген қағидамен әлем демократиялық басқару жүйесіне көшу керек. Ал роботтардың дамуы тоталитарлық жүйесі бар мемлекеттер үшін билігін нығайтуға елеулі түрде үлесін қосуда. Мысалы, әлеуметтік жүйедегі карикатураның актуальды, яғни өзекті болуы барша ТМД елдеріне дамуда. Соған қарапайым мысал ретінде Константин деген суретшінің жұмысын атап өтуге болар еді. Әрине, бұл кішігірім карикатура ғана, сондықтан сөз бостандығы бар мемлекеттерде рұқсат етілген. Қазіргі таңда антидемократиялық іс-әрекеттерді көріп тұрамыз. Мысалы, Ресей Федерациясының Роскомнадзордың ғаламтор желісін өшіруі, сөз бостандығының тұмшалануы секілді адам құқықтатына қарсы іс-әрекеттері. Қазір суреттегідей салық жүйесі әр салада өріс алуда. Бұл позитивті құқықтың позицияларын кеңейтіп-нығайту үстінде және табиғи құқықтард тұншықтырады. Тағы ең маңызды мәселе, адам тұлға ретінде танылу үшін адамның өз ой өрісінің болуы, көз қарасы және өзіне туғаннан берілетін табиғи құқықтарын қорғай білуі - өзін толық тұлға ретінде танылуға қажетті

аспектілер. Егер осыған қарсы іс-әрекеттер істесе ол адамзатқа қарсы, яғни халықаралық қылмыс ретінде саналады. Біз роботтарға құқық бермес бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірігіп әр мемлекет болып толық қанды демократияға жетуіміз керек, себебі цивилизацияның жемісін бүкіл әлем көруі тиіс. Әр мемлекет оны өз мақсат-мүддесіне, яғни идеологиясына сай қолдануда. Роботты адам басқаратындықтан, оған жасанды интеллект беріп оны өзінің бас пайдалары үшін зұлым мақсаттарға қолдануы әбден мүмкін. Қазір антидемократиялық кезеңде халықты басқару аясы бойынша жасанды интеллектіні халыққа қарсы қолдануы да мүмкін, оны ешкім теріске шығара алмасы анық. Егер қазір роботқа құқық субъектілік статусын берер болсақ, біз анархизм мен хаосқа нақты бір қадам жасағандай боламыз. Робот «құқық субъектісі» болған жағдайда адам құқығымен теңеседі және олардың да еңбек ету құқығы мысалы, біздің Қазақстан Республикасы Конституциясымен қамтамасыз етіледі, яғни 24-бапта көрсетілгендей құқық субъектілерінің еңбек ету құқығы көзделген.

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша, не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Мысалы, «Капиталистік» яғни нарықтық экономикадағы кәсіпкерлерге және өндірістерге робот әлде қайда тиімдірек, сонымен қатар робот еңбегі сапалы, арзан, әрі төзімді болып келеді. Физиологиялық демалыс сияқты, тағы басқа да адамдарға тән элементтерді роботтың бойынан табу мүмкін емес. Робот бәсекеге қабілеттілік жағынан адамды басып озады, бұның аяғы ақырындап жұмыссыздыққа әкеліп соқтыруы мүмкін, яғни байлар одан өткен сайын байи түседі де, әлеуметтік негізі орта қоғам экономикалық-әлеуметтік дағдарысқа ұшырайды. Бұның арты көтерілістер мен соғысқа алып келуі де ғажап емес, нәтижесінде фантастикалық кино түсіріліміндегідей көрініс, оқиғалар қайталануы әбден мүмкін. Бұндай даму жүйесі адам тұлғасын тек салық төлеушіге айналдырады. Бұлардың алдын алу мақсатында тек демократия мен адами ізгі қасиеттерді дамыта отырып, әрі осы жолды ең үздік модель деп тану қажет. Сондықтан күнделікті өмірде тұлғаны құрметтеумен қатар, адамның құқықтары жоғары құндылық екенін іспен дәлелдеуіміз керек. Сирия мәселесі, КНДР, Қырым мәселесі міндетті түрде құқықтық тұрғыдан әділ шешілуі тиіс. Роботқа тұлғалық статус бермес бұрын, адамзат ядролық қарудан толықтай бастартуы қажет. Ешқандай мемлекет «ұлы держава» атануға ұмтылмауы тиіс. Тек адамзаттың атынан

әлемге қызмет ете білу керек. Тек сол уақытта біз Роботтарды дұрыс бағытта қолдана аламыз. Соңғы жаңалықтармен бөлісе отырсақ, 2019-жылдың 22 наурызынды БҰҰ-ың парақшасында, жасанды интеллектіге қатысты кішігірім мақала жазылды. Мақаланың маңызы жасанды интеллектінің болашағы және зиянды салдары туралы. ЮНЕКСКО-ның expertі Сянь Хун Худің пікірі бойынша жасанды интеллект тілшілерге оразан зор зардап тигізеді дейді. Яғни бір жағынан пайдалы болса, екінші қырынан зияны да бар. Және пайдалы жағы, ол адамзатқа қарсы жазылған мақалаларды бірден ғаламтор желісінен жоя алады. Ал зиянды жағы ақпараттардың жоғалуы, саяси плюрализмнің жойылуы дейді БҰҰ парақшасында.[7]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Айзат Азенов «Мен, роботпын»
2. Solaiman S.M. Legal personality of robots, corporations, idols and chimpanzees: a quest for legitimacy // *Artificial Intelligence and Law*. 2017. Vol. 25. No. 2. P. 155–179
3. Bayamlioglu E. Intelligent Agents and Their Legal Status: An Essay on Artificial Intelligence and Personality. In: *Ankara Bar Review*, 2008, no. 1, pp. 46 - 54. Джоанн Брайсон, Михалис Диамантис и Томас Грант
4. Delaney J.K., ed. H.R.4625 - Future of Artificial Intelligence Act of 2017, 115th Congress (2017 -2018). In: *Congress.Gov.*, 12.12.2017 Available at: <https://www.congress.gov/bill/115th-congress/house-bill/4625/text> (accessed: 02.04.2018)
5. Schrijver S. de The Future Is Now: Legal Consequences of Electronic Personality for Autonomous Robots [Электронный ресурс] // *Who's Who Legal*. [2018]. URL: <http://whoswholegal.com/news/features/article/34313/future-now-legal-consequenceselectronic-personality-autonomous-robots> (дата обращения: 02.04.2018)
6. Айзек Азимов «Хоровод» (1942) азимов, Айзек. Улики // *Мечты роботов*. - М.: Эксмо, 2004. - С. 142-16